

Тақырып	Ереже	Мысал	Автор	Жыл	Мәтін типі	Дереккөзі
Етістік	Етістік - заттардың еткен-етпеген істерін көрсететін сөздер	Мәселен, арт, тарт, ал, ұр, саба, соқ, қорық, күрес, маңыра, сөк, сүз, таста, шық, жық, ас, ал, төз, көр, қақ, қада, кір, төк, өксі, таңда, сескен, ұлы, өлше, көк, біл, сыз, бер, бас, ұста, ұр, ти, ой, құт, тұр, өр, шақ, жап, жек, бар, кет, тара, қара, жап, жала, күй, қой, той, сой, жой, жуу, бу, қу, жи, тый.	А.Байтұрсынұлы	1915	Оқу құралы	Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). 2-жылдық. Орынбор, 1915
Етістік	Етістік – қимылдың немесе қимыл түрінде өтетін түрлі процестердің атын білдіретін сөз табы. Яғни заттың қимылын, күйін, белгінің, көңіл-күйдің, қарым-қатынастың қимыл түрінде өзгеру процесін білдіретін сөздер етістік деп аталады.	Асан кеше киноға барған. Асан кеше киноға бара жатқан.	Ы.Маманов	1966	Оқу құралы	Қазіргі қазақ тілі (Етістік) [Мәтін] : университет пен педагогтық институттардың филология факультеттеріне арналған оқу құралы / И. Е. Маманов ; [ред. С. Рахметова]... – Алматы : Мектеп, 1966. - 153, [3] б.
Етістік	Етістік (мағ.) заттың өзгермелі белгісін көрсетеді (морфологияда жіктелмейді, септелмейді, тәуелденбейді, көптелмейді. Етіс қосымшаларын, болымсыз «ма»-ны, түрлеуіштерді ғана ерітеді. Синтаксисте бастауыш сен сөзі болғанда ғана баяндауыш болады, басқа мүше бола	жаз, оқы, ойн+а, сарға+ай, адам+сы	Қ.Жұбанов	1936	Оқу бағдарламасы	Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б. /ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ПРОГРАМЫ (проект) V класс (Қала мектебінде 126 сағат, ауыл мектебінде 144 сағат) Программның проектісін Оқу комиссары бектікен, 1936 ж. 23/VIII (Бұл программа алғаш рет 1936 жылы жеке кітапша болып басылған)
Етістік	Етістік — тіліміздегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделі және қарымы ең кең грамматикалық категория.		А.Ысқақов	1991	Оқулық	Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі.—2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық.— Алматы: Ана тілі. 1991.—384 бет

Етістік	Етістік тобын құрайтын сөздер іс-әрекет, қимыл-қозғалыс, күй тәрізді толып жатқан құбылыстарды, белгілі мезгілдік сипаттарды білдіреді. Осының бәрінде де етістіктер сансалалы динамикалық процестерді адам санасында абстаркцияланған жүйелі тілдік материалдар негізінде жеткізеді.	же, іш, пісір, қаз, құрт, піш, уат, кес	М.Балақаев, Т.Қордабаев, А.Хасенова, А.Ысқақов	1967	Академиялық грамматика	Қазақ тілінің грамматикасы I морфология Қазақ ССР-дың «Ғылым» баспасы, Алматы – 1967. Редакторлар алқасы: М.Балақаев, Т.Қордабаев, А.Хасенова, А.Ысқақов
Етістік	Заттың амалын, ісін, жайын, қимылын көрсететін сөз табын етістік дейміз.	Мысалы: Ол шөп жыйнады, мен егін ордым; Боран борады, жауын жауды; түйе боздайды, жылқы кісінейді.	С.Кеңесбаев	1951	Оқу құралы	С.Кеңесбаев, К.Аханов. Қазақ тілі грамматикасы. I БӨЛІМ. СӨЗДІК, ФОНЕТИКА ЖӘНЕ МОРФОЛОГИЯ. (Жеті жылдық мектеп пен орта мектептің V-VI кластарына арналған.) Алматы, Қазақтың мемлекеттік оқу құралдар баспасы, 1951
Есімше	Есімше дейміз – есім сияқты айтылатын етістіктің түрін. Есім сияқты дейтініміз, сын есімше «қандай?» деп сұраймыз. Есімшеге есімдер сияқты жалғаулар да, етістіктер сияқты жіктеулер де жалғанады. Жіктегенде де есімдерше жіктеледі.	Мәселен: айтушы адам, шабатын ат, жазған хат дегенде «айтушы», «шабатын», «жазған» деген сөздер есімше болады.	А.Байтұрсынұлы	1915	Оқу құралы	Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). 2-жылдық. Орынбор, 1915.
Есімше	Тел есімше әрі септеледі, әрі жіктеледі (септеу мен жіктеуге тел болғаннан «тел» есімше атанған. Әрі баяндауыш, әрі айқындауыш бола алады. Сүйеншек есімше жіктелмейді, өздігінен сөйлемді аяқтай алмайды, септелген сөздерше басқа бір етістік не болмаса басқа бір сөзге сүйеніп қана тұра алады (бұларды септік есімше деп те атаймыз).	жазған, оқыған, жазғай, оқығай, жазғалы, оқығалы	Қ.Жұбанов	1936	Оқу бағдарламасы	Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б. /ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ПРОГРАМЫ (проект) V класс (Қала мектебінде 126 сағат, ауыл мектебінде 144 сағат) Программның проектісін Оқу комиссары бектікен, 1936 ж. 23/VIII (Бұл программа алғаш рет 1936 жылы жеке кітапша болып басылған)

Есімше	Бірде етістік, бірде есімдер қызметін атқаратын, есімдерше түрленетін етістіктің түрін есімше дейміз.	Екпей егін бітпес, үйренбей білім бітпес. Жаңбырменен жер көгерер, еңбекпенен ер көгерер. Ағаш ұстаған жерінен сынбас. Білек сүріндірмегенді білім сүріндірер.	С.Кеңесбаев	1951	Оқу құралы	С.Кеңесбаев, К.Аханов. Қазақ тілі грамматикасы. I БӨЛІМ. СӨЗДІК, ФОНЕТИКА ЖӘНЕ МОРФОЛОГИЯ. (Жеті жылдық мектеп пен орта мектептің V-VI кластарына арналған.) Алматы, Қазақтың мемлекеттік оқу құралдар баспасы, 1951
Есімше		алған, келген, шыққан, кеткен	Ы.Маманов	1966	Оқу құралы	Қазіргі қазақ тілі (Етістік) [Мәтін] : университет пен педагогтық институттардың филология факультеттеріне арналған оқу құралы / И. Е. Маманов ; [ред. С. Рахметова]... – Алматы : Мектеп, 1966. - 153, [3] б
Есімше	Есімше – етістік негіздеріне арнайы форма тудырушы аффикстер жалғану арқылы жасалатын, етістікке тән грамматикалық категория.	Причастие прошедшее образуется через прибавление к основе глагола приставки: ган-ген после звонких и кан-кен после глухих. Причастие стоит впереди подлежащего	Т.Шонанұлы	1933	Оқу құралы	Т.Шонанұлы «Қазақ тілінің оқу құралы» (Учебник казакского языка, Орыс мектебі үшін Для русской школы, Бірінші бөлім Часть первая, 4-жыл 4-й год, Қазағыстан қалық ағартуу кәмесеріетінің кәлегіесі бекіткен, Қазағыстан баспасы 1933)
Есімше	Көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларда түрленіп, сөйлемде барлық мүше бола алатын морфологиялық және синтаксистік сипаттары бар (бұл жағынан есімдерге ұқсас), амал-әрекеттің атауы болу, семантикасы мен шақтық ұғымды білдіру қабілеттері де бар (бұл жағынан етістіктерге ұқсас) телі формалар есімшелер категориясы деп аталады.	Біздің білетіндеріміз — осылар; Құлақ есіткенді көз көреді; Айтылар сөз айтылады; Біз ертең киноға бармақпыз; Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп	А.Ысқақов	1991	Оқулық	Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі.—2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық.— Алматы: Ана тілі, 1991.—384 бет